

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы « 2 » шілдедегі  
№ 760 қаулысымен  
бекітілген

## **Оңалту рәсімі мен банкроттық рәсінде әкімшілердің қызметіне камералдық бақылау жүргізу қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Оңалту рәсімі мен банкроттық рәсінде әкімшілердің қызметіне камералдық бақылау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және оңалту рәсімі мен банкроттық рәсін жүргізу кезінде оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) әкімшінің қызметіне камералдық бақылау жүргізудің бірыңғай тәртібі мен мерзімін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімші – сотта істерді қарау және оңалту рәсімі мен банкроттық рәсін жүргізу кезеңінде белгіленген тәртіппен тағайындалатын уақытша әкімші, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылар;

2) хабарлама – әкімшінің қызметіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама;

3) ағымдағы және сұрау салынатын ақпарат – әкімшінің уәкілетті органға беретін оңалту рәсімінің немесе банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ақпараты.

### **1. Оңалту рәсімі мен банкроттық рәсінде әкімшілердің қызметіне камералдық бақылау жүргізу тәртібі мен оның мерзімі**

3. Камералдық бақылау оңалту рәсімі мен банкроттық рәсін жүргізу кезеңінде әкімшінің қызметіне мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарына жатады және әкімшіге камералдық бақылау нәтижелері бойынша уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтарды өз бетінше жоюға мүмкіндік беру мақсатында жүргізіледі.

4. Камералдық бақылау уәкілетті органда бар мынадай деректерді:

1) ағымдағы және сұрау салынатын ақпаратты;

2) өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін;

3) әкімшінің және борышкердің қызметі жөнінде түрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді өзара салыстыру жолымен жүргізіледі.

5. Камералдық бақылауды уәкілетті орган ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25 күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

6. Әкімшінің әрекетінде (әрекетсіздігінде) камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті орган хабарламаны Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ресімдейді және анықталған бұзушылықтардың сипаттамасымен қоса жібереді.

7. Әкімші Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысан бойынша хабарламаның орындалуы туралы есепті бергеннен кейін, уәкілетті орган көрсетілген есепке талдау жүргізеді және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды растау туралы және (немесе) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысанда камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың расталмағаны туралы қорытынды жасайды.

Осы тармақта көрсетілген қорытындылар әкімшінің хабарламаны орындағаны туралы есебін берген күнінен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жасалады.

---

Оңалту рәсімі мен банкроттық  
рәсімінде әкімшілердің  
қызметіне камералдық бақылау  
жүргізу қағидаларына  
1-қосымша

Нысан

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды  
растау туралы қорытынды

\_\_\_\_\_ (уәкілетті органының атауы)

\_\_\_\_\_ (күні)

Мен, \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), уәкілетті орган қызметкерінің лауазымы)

\_\_\_\_\_ осы қорытынды Оңалту рәсімі мен банкроттық рәсімінде әкімшілердің  
қызметіне камералдық бақылау жүргізу қағидаларына сәйкес

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), борышкердің атауы: \_\_\_\_\_

Борышкердің ЖСН (БСН): \_\_\_\_\_

Рәсімнің түрі: \_\_\_\_\_

Әкімшінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

Әкімшінің ЖСН: \_\_\_\_\_,

20\_\_ жылғы кезең үшін 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_ әкімші қызметінің  
камералдық бақылау нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықтарды жою  
туралы хабарлама бойынша жасалды.

Жоғарыда аталған хабарламада көрсетілген бұзушылықтар туралы камералдық  
бақылау нәтижелері бойынша

Шешім қабылданды: \_\_\_\_\_

Уәкілетті органның қызметкері

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Уәкілетті орган  
басқармасының басшысы

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Уәкілетті органның басшысы  
(басшының орынбасары)

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_

Оңалту рәсімі мен банкроттық  
рәсiмiнде әкiмшiлердiң  
қызметiне камералдық бақылау  
жүргiзу қағидаларына  
2-қосымша

Нысан

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған  
бұзушылықтардың расталмағаны туралы  
қорытынды

\_\_\_\_\_ (уәкiлеттi органының атауы)

\_\_\_\_\_ (күні)

Мен, \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), уәкiлеттi орган қызметкерінің лауазымы)

осы қорытынды Оңалту рәсiмi мен банкроттық рәсiмiнде әкiмшiлердiң  
қызметiне камералдық бақылау жүргiзу қағидаларына сәйкес

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), борышкердің атауы: \_\_\_\_\_

Борышкердің ЖСН (БСН) : \_\_\_\_\_

Рәсiмнiң түрi: \_\_\_\_\_

Әкiмшiнiң тегi, аты, әкесiнiң аты (бар болса) \_\_\_\_\_

Әкiмшiнiң ЖСН: \_\_\_\_\_,  
20\_\_ жылғы кезең үшін 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_ әкiмшi қызметiнiң,  
камералдық бақылау нәтижесi бойынша анықталған бұзушылықтарды жою  
туралы хабарлама бойынша жасалды.

Жоғарыда аталған хабарламада көрсетiлген камералдық бақылау нәтижелерi  
бойынша шешiм қабылданды:

Бұзушылық атауы	Түсiнiктеме	Уәкiлеттi органының шешiмi

Уәкiлеттi органның қызметкерi

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Уәкiлеттi орган  
басқармасының басшысы

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Уәкілетті органның басшысы  
(басшының орынбасары)

---

(Т.А.Ә.)

---

(қолы)

---